

Кітапхананы дамыту бөлімі

**«Кітапханалық іс-шараларды тиімді
ұйымдастырудың заманауи тәсілдері»**
/ұсыныстық көмекші құрал/

Отырар 2026

«Кітапханалық іс-шараларды тиімді ұйымдастырудың заманауи тәсілдері /ұсыныстық көмекші құрал/ Отырар аудандық орталық кітапхана; құрастырған: Г.Дәулетова. – Отырар.

Кіріспе сөз

Құрметті әріптестер! Уақыт талабына сай, бүгінгі оқырманның талғамы өзгерді. Бізге тек дәстүрлі кітап көрмелерімен шектелу аздық етеді. Ауыл мен аудан кітапханалары — сол жердің мәдениет ошағы. Сондықтан, біздің мақсатымыз — іс-шараны «өткізу үшін» емес, «нәтиже үшін» ұйымдастыру. Бүгін біз оқырманды таңғалдыратын және кітапханаға жетелейтін жаңа тәсілдерді талқылаймыз.

Мақсатымыз - кітапханашылардың кәсіби шеберлігін арттыру, іс-шараларды өткізудің жаңа форматтарын меңгерту және оқырман қызығушылығын ояту.

Негізгі бөлім:

Заманауи іс-шараның үш тірегі бар:

- **Интерактивтілік** (қатысушының белсенділігі),
- **Креативтілік** (жаңа идея)
- **Технология** (әлеуметтік желі мен гаджеттер).

Біз тек баяндама оқымай, оқырманды процеске тартуымыз керек. Мысалы, тақырыптық квесттер мен сторителлинг арқылы оқырман өзін оқиғаның кейіпкері ретінде сезінеді.

Кітапханадағы көпшілік іс-шаралардың заманауи тәсілдері Міне, бүгінде ең көп сұранысқа ие және тиімді тәсілдер:

1. Бук-слэминг (Book Slam)

Бұл — кітаптардың жарнамалық жарысы. Мұнда қатысушылар белгілі бір уақыт ішінде (3–5 минут) өзіне ұнаған кітапты барынша қызықты етіп таныстыруы керек. Оны театрландырылған көрініс, видео немесе ән арқылы жеткізуге болады. Соңында көрермендер ең үздік «жарнаманы» таңдайды.

2. Библиоквест (Library Quest)

Кітапхана ішінде немесе ауыл көшелерінде өткізілетін ойын. Оқырман белгілі бір жұмбақтарды шешіп, келесі нүктені тауып, соңында «қазынаға» (жаңа кітапқа немесе сыйлыққа) қол жеткізеді. Бұл жастардың логикасын дамытып, кітапхананың әр бұрышымен танысуға көмектеседі.

3. Сторителлинг (Storytelling)

Бұл — оқиғаны әсерлі етіп айтып беру өнері. Құрғақ фактілердің орнына, жазушының өмірінен немесе кітап желісінен қызықты, еш жерде айтылмаған оқиғаларды суреттеп айту. Мұны «Түнгі кітапханадағы әңгімелер» форматында өткізуге болады.

4. Библиоперфоманс (Lib-performance)

Кітаптағы оқиғаны немесе кейіпкерді тірілту. Мәселен, кітапхана ішінде кенеттен Абайдың немесе Шерхан Мұртазаның кейіпкерлері пайда болып, оқырмандармен сөйлесуі. Бұл көрнекілік пен эмоциялық әсер береді.

5. Лит-репортаж (Literary Reportage)

Оқырмандарға «журналист» рөлі беріледі. Олар оқыған кітаптары бойынша шағын видео-репортаж түсіруі немесе «жазушымен эксклюзивті сұхбат» (елестету арқылы) дайындауы керек. Дайын видеоларды кітапхананың әлеуметтік желідегі парақшасына жариялау үлкен қызығушылық тудырады.

6. PechaKucha (Печа-куча) форматы

Бұл — қысқа әрі нұсқа презентация жасау әдісі. Спикер 20 слайд дайындайды және әр слайдқа тек 20 секунд сөйлейді. Барлығы 6 минут 40 секунд. Бұл оқырманды жалықтырмай, ақпаратты тез әрі қызықты жеткізуге таптырмас әдіс.

7. «Тірі кітапхана» (Human Library)

Мұнда «кітаптар» — қағаз емес, адамдар. Өмірлік тәжірибесі мол, қызықты тағдыр иелері (ардагерлер, кәсіпкерлер, саяхатшылар) «тірі кітап» ретінде шақырылады. Оқырмандар оларды «оқиды», яғни сұрақ қойып, әңгімелеседі.

8. Квиз-ойындар (Quiz)

Зияткерлік сайыс. Сұрақтар тек кітаптан емес, кино, музыка, тарих салаларынан араластырып қойылады. Топқа бөлініп ойнау оқырмандар арасында жақсы байланыс орнатады.

9. «Кітаптағы кездесу» (Blind Date with a Book)

Бұл әдіс оқырманның кітапқа деген қызығушылығын интрига арқылы оятады.

Кітаптың сырты көрінбейтіндей етіп қалың қағазбен (крафт қағаз) оралады. Сыртына кітаптың аты мен авторы жазылмайды, тек мазмұны туралы 3-4 анықтауыш сөз немесе қысқаша сипаттама жазылады (мысалы: «*Махаббат, Шығыс, Сұрапыл соғыс, Оқиға желісі шындыққа негізделген*»). Оқырман кітапты «соқыр таңдау» арқылы алады.

10. Библио-кафе (Literary Cafe)

Кітапхана ішіндегі іс-шараны дәмхана форматында өткізу.

Түсіндірмесі: Кітапханада үстелдер жайылып, мәзір (меню) дайындалады. Бірақ мәзірде тамақ емес, кітап жанрлары жазылады (мысалы: «Тарихи десерт», «Поэтикалық коктейль», «Детективті тағам»). Қатысушылар «тапсырыс» береді, ал кітапханашы сол жанрдағы үздік туындыларды ұсынады. Ортада еркін әңгіме айтылып, шәй ішілуі мүмкін.

11. «Сұрақ-жауап» дуэлі (Battle-quiz)

Бұл — зияткерлік жарыстың заманауи түрі.

Екі топқа немесе екі оқырманға бірдей тақырып (мысалы, «Абай жолы» романы) беріледі. Олар бір-біріне кезекпе-кезек күрделі сұрақтар қояды. Жеңімпазды қазылар алқасы немесе көрермендер анықтайды. Бұл әдіс оқырманды кітапты тереңірек оқуға итермелейді.

12. Библиотүн (BiblioNight)

Кітапхананың жұмыс уақытын кешке дейін ұзартып, ерекше бағдарлама ұйымдастыру.

Кешкі уақытта кітапханада жарық азайтылып, шамдармен (фонарь) кітап іздеу, мистикалық әңгімелер айту, жергілікті өнерпаздардың кешін өткізу. Ауыл жастары үшін бұл өте қызықты «тусовка» орнына айналады.

13. «Кітапханалық инсталляция» (Book Installation)

Кітаптардан өнер туындысын жасау.

Кітаптарды жай ғана сөреге тізбей, олардан түрлі фигуралар, мүсіндер немесе фото-аймақтар (фотозона) жасау. Мысалы, кітаптардан жасалған «білім ағашы» немесе «кітап-қалашық». Бұл оқырмандардың суретке түсіп, әлеуметтік желіге (Instagram, TikTok) салуына себеп болады.

14. «Әдеби сот» (Literary Court)

Кітап кейіпкерінің іс-әрекетіне құқықтық немесе моральдық тұрғыдан баға беру.

Белгілі бір шығармадағы кейіпкерді «айыптаушылар» мен «қорғаушылар» болып екі топқа бөлінеді. Мысалы, «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырындағы Қодардың іс-әрекетін талқылау. Бұл оқырмандардың сыни ойлауын дамытады.

15. Сторисек (Storysack) — «Әңгімелер салынған қапшық»

Бұл кіші жастағы балалар мен бастауыш сынып оқушыларына арналған.

Әдемі қапшықтың ішіне балаларға арналған көркем кітап және сол кітаптағы кейіпкерлердің ойыншықтары, тақырыпқа сай заттар салынады. Мысалы, «Бауырсақ» ертегісі болса, ішінде бауырсақтың қуыршағы, орман суреті болады. Балалар заттарды ұстап көріп, ертегіні тыңдағанды жақсы көреді.

16. Буккроссинг (Bookcrossing) аумағы

Бұл іс-шара емес, тұрақты қозғалыс. «Оқыдың ба — өзгеге бер» принципі. Кітапхананың алдына немесе адам көп жиналатын жерге арнайы сөре қойып, кітап алмасуды ұйымдастыру. Бұл кітапхананың ашықтығын көрсетеді.

Қорытынды

Әріптестер, өзгерісті өзімізден бастайық.

Бүгінгі таңда кітапхана тек кітап беретін орын емес, ол — қауымдастықтың мәдени және интеллектуалдық орталығы.

Ауылдың рухани тірегі — кітапхана, ал оның жүрегі — сіз бен біз. Кішігірім ауыл кітапханасында да заманауи жобаларды жүзеге асыруға толық мүмкіндік бар. Біз ауыл балалары мен жастарына заман талабына сай білім алуға, шығармашылықпен айналысуға жол ашуымыз керек. Сондықтан ескі қасаң қағидалардан арылып, оқырмандар үшін тартымды кеңістік қалыптастырайық. Бұл жолда бізге керегі — тек шығармашылық еркіндік, бірлік және жаңашылдыққа деген зор ұмтылыс. Біздің еңбегіміз ауыл болашағын өзгерте алатынына сенейік! Руханиятты бірге көтерейік!



Мекен жайымыз:

Н. Оңдасынов көшесі, 2
Аудандық орталық кітапхана
Сымтетік:77-5-78
Электронды пошта: Otrar_kitap@mail.ru